

## Мемлекеттік қызметтер көрсете саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парагын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 31 қазандағы № 253 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 51 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17671 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 233 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 23.11.2022 № 233 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.11.2022 № 89 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫЗ:**

#### 1. Қоса берілген:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсете саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Мемлекеттік қызметтер көрсете саласында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болып тіркелген), мемлекеттік қызмет көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау бойынша тексеру парагы осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 01.11.2021 № 190 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

2. "Мемлекеттік қызметтер көрсете саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парагын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 9 ақпандагы № 32 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 15 ақпандагы № 68 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14909 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 28 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау және бағалау мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

|  |             |
|--|-------------|
| Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөннөдірілген жағдайларда Республиканың Ұлттық экономика министрі | А. Шпекбаев |
|--|-------------|

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөнніндегі комитетінің төрағасы

К. Жақыпбаев

2018 жылғы " "

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі төрағасының

2018 жылғы 31 казандағы

№ 253 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 31 казандағы

№ 51 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

## **Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**Ескерту. Өлшемшарттары жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 01.11.2021 № 190 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парактарының нысанына сәйкес бақылау субъектілерін белгілі бір тәуекел тобына жатқызу мәселесін шешу үшін әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мудделерін бұзу ықтималдылығы;

2) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – салалық даму ерекшеліктері мен осы дамуға әсер ететін факторларды ескере отырып, бақылау субъектісінің тікелей қызметімен байланысты, бақылау субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – мемлекеттік қызметтер көрсету саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне ( объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (

объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

5) бақылау субъектілері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және занды тұлғалар;

6) өрескел бұзушылықтар – мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес иғіліктер беруге, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қоғамдық қатынастарды сақтауға айқын кері әсерін тигізетін Заңмен, Заңның 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерімен (бұдан әрі – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер) белгіленген талаптардың бұзушылықтары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік органның жыл сайынғы тиімділігін операциялық бағалау қорытындысы бойынша тиімсіз қызметі;

7) елеулі бұзушылықтар – мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес иғіліктер беруге, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтықпайтын қоғамдық қатынастарды сақтауға айқын кері әсерін тигізбейтін Заңмен, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптардың бұзушылықтары;

8) елеусіз бұзушылықтар – мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес иғіліктер беруге қатысты қоғамдық қатынастарды сақтауға әсерін тигізбейтін Заңмен, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптардың бұзушылықтары;

9) артық құжаттарды талап ету – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тізбеде көзделмеген құжаттарды сұрату;

10) құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің талаптарында көрсетілген құжаттар тізбесі немесе ондағы мәліметтер сәйкес келмеген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі – мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) әрекет ету, оның ішінде олардың тиісінше және уақытылы орындауы, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл жасау, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарының халыққа қызмет көрсету бөлімдерімен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібі;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден негізді бас тарту –Занда белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту;

13) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдері – заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну мерзімдері;

14) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сыныпталған тізбесі.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу объективті және субъективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

## 2-тaraу. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

1) тәуекелді айқындау;

2) бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) топтастыру және бөлу кезеңдері арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді айқындау көрсетілген мемлекеттік қызметтердің санына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мұдделеріне қолайсыз салдардың туындау ықтималдығына байланысты жүзеге асырылады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекелдер дәрежесіне бақылау субъектілері мынадай:

1) бақылау субъектісімен бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау кестесін бекітуден алдыңғы соңғы алты ай ішінде мындан астам мемлекеттік қызметтер көрсеткен;

2) бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау кестесін бекітуден соңғы алты ай ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жеке және (немесе) заңды тұлғалардан арыз келіп түскен;

3) Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 465-бабының талаптарын сақтамағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалар болған;

4) бір жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында (оның ішінде, интернет ресурстарында) бақылау субъектілерінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қатысты қоғамдық резонансы бар жағымсыз материалдары болған;

5) бір жыл ішінде Заңның, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау бойынша үш немесе одан да көп тексерулер жүргізілген;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша есепте мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту фактілері болған жағдайларда жатқызылады.

Тәуекелді анықтағаннан кейін бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесіне (жоғарғы және жоғарғы жатпайтын) бөлінеді.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъектівті өлшемшарттар қолданылады.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

#### **7. Субъективтік өлшемшарттар мынадай ақпарат көздері:**

1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның бақылау субъектілеріне алдыңғы тексерулері мен бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

2) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына расталған шағымдар мен арыздардың болуы;

3) бақылау субъектілері ұсынатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

4) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

5) сұрау салу бойынша уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді, есептік деректерді, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторингті талдау нәтижелері негізінде анықталады.

8. Субъективті өлшемшарттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы заңнамасының негізінде өзірленіп, тексеру парактарында атап өтілген, олар үш бұзушылық дәрежесіне бөлінген: өрескел, елеулі және елеусіз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын өрескел, елеулі және елеусіз бұзушылықтарға бөлу осы Өлшемшарттардың қосымшасында келтірілген.

9. Осы Өлшемшарттардың 7-тармағында белгіленген ақпарат көздері негізінде осы Өлшемшарттардың қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесінің субъективтік өлшемшарттары белгіленеді.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі мыналарға:

1) тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ді қоса алғанда дейінгі көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілгенде жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі қоса алғанда көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмегенде жоғары дәрежеге жатқызылмаған тәуекел дәрежесіне жатады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер, өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP<sub>n</sub> – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>H</sub> – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

#### **4-тaraу. Қорытынды ережелер**

10. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

11. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бекіткен жартыжылдық тізімдері негізінде бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

12. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету  
саласындағы заңнаманың  
сақталуы бойынша тәуекел  
дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
қосымша

#### **Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесінің субъективтік өлшемшарттары**

| №   | Өлшемшарттар  | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|--------------------|
| Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның алдынғы тексерулері мен профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаган кезде белгіленеді) |   |                    |
|   | Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет |                    |

|   |   |        |
|---|---|--------|
| 1 | <p>көрсетеу тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде қамтитын, жария талқылау барысында алынған жеке және занды тұлғалардың ескертулері мен үсүнисстарын, құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін ескеру бөлігінде, "электрондық үкіметтің" веб-порталында, мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылуға жататын мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің жобасын жария талқылауды аяқтау туралы есептің сәйкес болуы</p>      | Елеулі |
| 2 | <p>Орталық мемлекеттік органмен Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Занының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту, сондай-ақ, өзгерту, толықтыру және құшін жою, оны "электрондық үкіметтің" веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылған күнінен бастап он жұмыс күн ішінде жария талқылауга міндетті түрде жататын мерзімін сақтау</p> | Елеулі |
| 3 | <p>Орталық мемлекеттік органмен Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Занының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібін айқындайтын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілген немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күнінен бастап екі ай ішінде әзірлеу және бекіту мерзімін сақтау</p>   | Елеулі |

|    |  |           |
|----|--|-----------|
| 4  | "Электрондық үкіметтің" веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бойынша ақпаратты өзектендіру мерзімін сақтау және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдау талабын сақтау  | Елеусіз   |
| 5  | Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай-ак көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну   | Елеулі    |
| 6  | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа) болуы  | Елеусіз   |
| 7  | Көрсетілетін қызметті берушілердің орналасу жерлерінде және "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарының халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілерінің бар болуы | Елеулі    |
| 8  | Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз ету  | Елеулі    |
| 9  | Тегін негізде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде төлем талап етуге жол бермеу  | Өреспекел |
| 10 | Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол бермеу   | Елеулі    |
| 11 | Көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу  | Өреспекел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 12 | Құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жол бермеу   | Өрескел |
| 13 | Көрсетілетін қызметті берушімен жұмыс мерзімін сақтау  | Өрескел |
| 14 | Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтау   | Өрескел |
| 15 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден дәлелді бас тарту  | Өрескел |
| 16 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтау  | Өрескел |
| 17 | Тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнде қаралуға жататын шағымдарды қарау нәтижесі туралы қызмет алушыларды хабардар ету бойынша талаптарды , сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын қанағаттандырудың толықтығын сақтау  | Өрескел |
| 18 | Есептің және есепке талдамалық анықтаманың ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдардың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдардың) болуы   | Елеулі  |
| 19 | Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және занды тұлғалардың катысуымен, жыл сайын "электрондық үкіметтің" веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқада бұқаралық акпарат құралдарында орналастыруға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу | Өрескел |

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жеке және немесе занды тұлғалардан түскен негізді шағымдардың және өтініштердің болуы бойынша

Жеке және занды тұлғалардан түскен, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және

|  |  |         |
|--|--|---------|
| 20   | бақылау жөніндегі уәкілетті органмен расталған шағымдардың немесе өтініштердің болуы   | Өрескел |
| 21   | Мемлекеттік органның, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушылардың шағымдарын бес жұмыс күні ішінде қарау мерзімдерін сактамау  | Елеулі  |
| Бақылау субъектілермен ұсынылатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың акпараттық жүйелерінен алынатын есептер мен мәліметтерге жүргізілетін мониторинг нәтижесі бойынша |  |         |
| 22   | Қазақстан Республикасы<br>Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына сәйкес, тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне дейін талдамалық анықтаманы қоса отырып, ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есепті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға белгіленген мерзімде ұсынуды қамтамасыз етпеу | Елеусіз |
| 23   | Қазақстан Республикасы<br>Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына сәйкес, тоқсан сайынғы ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есепті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі  | Өрескел |

|   |  |         |
|---|--|---------|
|   | уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етпеу   |         |
| 24  | Бақылау субъектілерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзуының болуы   | Елеулі  |
| 25  | Бақылау субъектілерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына шағымдардың болуы  | Елеулі  |
| 26  | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларында көзделген есептік нысандарына сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша дұрыс және (немесе) толық көлемде есептік мәліметтерді ұсынбау | Өрескел |
| Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау бойынша |  |         |
| 27  | Бақылау субъектісінің интернет-ресурсында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген бақылау нәтижелерін орналастырмау  | Елеулі  |
| 28  | "Электрондық үкімет" веб-порталында, бақылау субъектілерінің интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Занының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындастын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін орналастырмау  | Елеулі  |
|   |  |         |

|  |  |         |
|--|--|---------|
| 29   | Бақылау субъектілерінің "электрондық үкімет" веб-порталда, интернет-ресурстарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастырмау  | Елеулі  |
| 30   | Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітіletіn мемлекеттіk қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативtіk құқықтық актілерінің жобасын "жария талқылау үшін оны "электрондық үкіmettіn" веб- порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында орналастырмау                   | Елеусіз |
| 31   | "Электрондық үкіmettіn" веб- порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) жергілікті атқарушы органның интернет-ресурстарында Қазақстан Республикасының "Мемлекеттіk көrsetіletіn қыzметter туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекіtіletіn мемлекетtіk қыzмет көrsetу тәртіbіn айқындайтын заңға тәuелді нормативtіk құқықтық актілеріnің жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есебін орналастырмау | Елеусіз |
| 32   | Бұқаралық ақпарат құrалдарында мемлекетtіk қыzmetterdі сапасыз көrsetу жөніnde сыни ақпараттардың болуы  | Өрескел |
| Уәкіletті органдар және ұйымдармен ұсынылатын мәlіmetтер, есептік ақпараттарды сұратуы бойынша, мемлекетtіk қыzmetter көrsetу сапасының қоғамдық мониторингтің талдау нәтиjелері бойынша |  |         |
| 33   | Ақпараттандыру саласындағы уәkіletті органның "Мониторинг" ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің мәlіmettіne сәйкес мемлекетtіk көrsetіletіn қыzmetterdі көrsetу мерзімдерін сақтамау  | Өрескел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 34 | <p>Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның әлеуметтік тапсырысы бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен коргалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсетеу саласына жататын сұратылған ақпаратты ұсынбау</p> | Елеулі  |
| 35 | <p>Мемлекеттік органның жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимылын операциялық бағалау әдістемесіне сәйкес, орталық мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсетеу бойынша мемлекеттік органның жыл сайынғы тиімділігін операциялық бағалау корытындысы бойынша тиімсіз қызметі</p>  | Өрескел |

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қымыл агенттігі төрағасының

2018 жылғы 31 қазандагы

№ 253 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 31 қазандагы

№ 51 бірлескен бүйрүғына

2-қосымша

**Мемлекеттік қызметтер көрсетеу саласында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бүйрүғымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14740 болыш тіркелген), Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау бойынша тексеру парагы**

**Ескерту. Тексеру парагы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 01.11.2021 № 190 және ҚР Ұлттық экономика министрінің**

02.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы

---

---

---

Жоспардан тыс тексеруді/ бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық

бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

---

---

---

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы \_\_\_\_\_

---

---

---

Бақылау субъектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

---

---

---

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

|  | Талаптар тізімі   | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|--|---|---------------|-----------------|--------------------------|----------------------------|
|  | Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес бекітілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде қамтитын, |               |                 |                          |                            |

|   |   |  |  |  |
|---|---|--|--|--|
| 1 | <p>жария талқылау<br/>барысында<br/>алынған жеке<br/>және заңды<br/>тұлғалардың<br/>ескертулері мен<br/>ұсыныстарын,<br/>құқықтарын,<br/>бостандықтары<br/>мен заңды<br/>мүдделерін<br/>ескеру бөлігінде,<br/>"электрондық<br/>ұқіметтің"<br/>веб-порталында,<br/>мемлекеттік<br/>органның<br/>интернет-ресурс<br/>ындада<br/>орналастырылуғ<br/>а жататын<br/>мемлекеттік<br/>қызмет көрсету<br/>тәртібін<br/>айқындастын<br/>заңға тәуелді<br/>нормативтік<br/>құқықтық<br/>актілерінің<br/>жобасын жария<br/>талқылауды<br/>аяқтау туралы<br/>есептің сәйкес<br/>болуы</p> |  |  |  |
|   | <p>Орталық<br/>мемлекеттік<br/>органмен<br/>Қазақстан<br/>Республикасын<br/>ындада<br/>"Мемлекеттік<br/>көрсетілетін<br/>қызметтер<br/>туралы"<br/>Заңының 10-<br/>бабы 1)<br/>тармақшасына<br/>сәйкес<br/>бекітілетін<br/>мемлекеттік<br/>қызмет көрсету<br/>тәртібін<br/>айқындастын<br/>заңға тәуелді</p>  |  |  |  |

|   |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|
| 2 | <p>нормативтік<br/>құқықтық<br/>актісін әзірлеу<br/>және бекіту,<br/>сондай-ақ,<br/>өзгерту,<br/>толықтыру және<br/>күшін жою, оны<br/>"электрондық<br/>үкіметтің"<br/>веб-порталында<br/>және<br/>мемлекеттік<br/>органның<br/>интернет-ресурс<br/>ында<br/>орналастырылға<br/>н күнінен бастап<br/>он жұмыс күн<br/>ішінде жария<br/>талқылауға<br/>міндепті түрде<br/>жататын<br/>мерзімін сақтау</p>   |  |  |  |
| 3 | <p>Орталық<br/>мемлекеттік<br/>органмен<br/>Қазақстан<br/>Республикасын<br/>ың "Мемлекеттік<br/>көрсетілетін<br/>қызметтер<br/>туралы"<br/>Заңының 10-<br/>бабы 1)<br/>тармақшасына<br/>сәйкес<br/>бекітілетін<br/>мемлекеттік<br/>қызмет көрсету<br/>тәртібін<br/>айқындайтын<br/>занға тәуелді<br/>нормативтік<br/>құқықтық<br/>актісін<br/>мемлекеттік<br/>көрсетілетін<br/>қызметтер<br/>тізілімі<br/>бекітілген<br/>немесе оған<br/>өзгерістер және</p> |  |  |  |

|   |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|
|   | (немесе)<br>толықтырулар<br>енгізілген<br>күннен бастап<br>екі ай ішінде<br>әзірлеу және<br>бекіту мерзімін<br>сақтау  |  |  |  |
| 4 | "Электрондық<br>үкіметтің"<br>веб-порталында<br>және<br>мемлекеттік<br>органның<br>интернет-ресурс<br>ында<br>мемлекеттік<br>қызмет көрсету<br>тәртібі бойынша<br>ақпаратты<br>өзектендіру<br>мерзімін сақтау<br>және Бірыңғай<br>байланыс-ортал<br>ығына жолдау<br>талабын сақтау   |  |  |  |
| 5 | Көрсетілетін<br>қызметті<br>алушылардың<br>сұрау салуы<br>бойынша<br>мемлекеттік<br>көрсетілетін<br>қызметтің<br>орындалу<br>сатысы туралы<br>хабардар ету,<br>сондай-ақ<br>көрсетілетін<br>қызметті<br>алушыларға<br>мемлекеттік<br>қызметтер<br>көрсету тәртібі<br>туралы<br>қолжетімді<br>нысанда толық<br>және анық<br>ақпарат ұсыну |  |  |  |
|   | Мемлекеттік<br>қызметтер<br>көрсету<br>саласындағы   |  |  |  |

|   |  |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|--|
| 6 | <p>жұмыскерлердің<br/>біліктілігін<br/>аргындағандағы<br/>жөнінде дәлелді<br/>құжаттардың ( <br/>сертификаттар,<br/>дипломдар және<br/>басқа) болуы</p>  |  |  |  |  |
| 7 | <p>Көрсетілетін<br/>қызметті<br/>берушілердің<br/>орналасу<br/>жерлерінде және<br/>"Азаматтарға<br/>арналған үкімет"<br/>Мемлекеттік<br/>корпорациясы"<br/>коммерциялық<br/>е м е с<br/>акционерлік<br/>қ оғ а м ы<br/>филиалдарының<br/>халыққа қызмет<br/>көрсету<br/>бөлімдерінде<br/>мемлекеттік<br/>көрсетілетін<br/>қызметті<br/>көрсету үшін<br/>қажетті<br/>құжаттар тізімі<br/>мен оларды<br/>толтыру<br/>нысандары<br/>ұлгілерінің бар<br/>болуы</p> |  |  |  |  |
| 8 | <p>Мемлекеттік<br/>қызмет көрсету<br/>сатысы туралы<br/>деректерді<br/>мемлекеттік<br/>қызметтер<br/>көрсету<br/>мониторингінің<br/>ақпараттық<br/>жүйесіне<br/>енгізууді<br/>қамтамасыз ету</p>   |  |  |  |  |
| 9 | <p>Тегін негізде<br/>ұсынылатын<br/>мемлекеттік<br/>қызметтерді<br/>көрсету кезінде</p>  |  |  |  |  |

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
|    | төлем талап<br>етуге жол<br>бермеу   |  |  |  |  |
| 10 | Көрсетілетін<br>қызметті<br>алушылардан<br>ақпараттық<br>жүйелерден<br>алынатын<br>күжаттарды<br>талап етуге жол<br>бермеу |  |  |  |  |
| 11 | Көрсетілетін<br>қызметті<br>алушылардан<br>а р т ы қ<br>күжаттарды<br>талап етуге жол<br>бермеу                            |  |  |  |  |
| 12 | Күжаттар<br>топтамасы<br>т о л ы қ<br>болмағанда<br>мемлекеттік<br>көрсетіletіn<br>қызметті<br>көрсетуге жол<br>бермеу     |  |  |  |  |
| 13 | Көрсетіletіn<br>қызметті<br>берушімен<br>жұмыс мерзімін<br>сақтау  |  |  |  |  |
| 14 | Көрсетіletіn<br>қызметті<br>берушімен<br>мемлекеттік<br>қызметті<br>көрсету тәртібін<br>сақтау                             |  |  |  |  |
| 15 | Мемлекеттік<br>көрсетіletіn<br>қызметтерді<br>көрсетуден<br>дәлелді бас<br>тарту   |  |  |  |  |
| 16 | Мемлекеттік<br>көрсетіletіn<br>қызметтерді<br>көрсету<br>мерзімдерін<br>сақтау   |  |  |  |  |

|    |  |  |  |
|----|--|--|--|
|    | <p>Тіркеген күннен<br/>бастап бес<br/>жұмыс күнде<br/>қаралуға<br/>жататын<br/>шағымдарды<br/>қарау нәтижесі<br/>туралы қызмет<br/>алушыларды<br/>хабардар ету<br/>бойынша<br/>талаптарды,<br/>сондай-ак<br/>көрсетіleetіn<br/>қызметті<br/>алушылардың<br/>шағымдарын<br/>қанағаттандыру<br/>д ы ң<br/>толықтығын<br/>сақтау</p>  |  |  |
| 17 |  |  |  |
| 18 | <p>Мемлекеттік<br/>бақылау<br/>қағидаларына<br/>сәйкес, есептің<br/>және есепке<br/>талдамалық<br/>анықтаманың<br/>ішкі бақылау<br/>бойынша жұмыс<br/>туралы есептік<br/>ны санда<br/>көрсетілген<br/>мәліметтерді<br/>растайтын тиісті<br/>материалдардың<br/>(бұрықтардың,<br/>хаттамалардың,<br/>шешімдердің,<br/>хаттардың,<br/>анықтамалардың<br/>, қызметтік<br/>жазбалардың<br/>көшірмелері,<br/>фотоматериалда<br/>рдың) болуы</p> |  |  |
|    | <p>Көрсетіleetіn<br/>қызметті<br/>берушілердің,<br/>мұдделі жеке<br/>және занды<br/>тұлғалардың<br/>қатысуымен,<br/>жыл сайын "</p>  |  |  |

19

электрондық  
ұқіметтің"  
веб-порталында,  
интернет-ресурс  
тарда және баска  
да бұқаралық  
ақпарат  
күралдарында  
орналастыруға  
жататын  
мемлекеттік  
қызметтер  
көрсे�ту  
саласындағы  
қызмет туралы  
есептерге  
жылына кемінде  
бір рет жария  
талқылаулар  
өткізу

Лауазымды тұлға (лар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) тегі, аты-жөні (болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің  
басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) тегі, аты-жөні (болған жағдайда)(лауазымы)